

ӘОЖ 377.1

**ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ
ДИКТАНТТАРДЫ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ**

Әбдібек Айдана Ғалымжанқызы

aidana.abdibek@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің математика білім
(5B010900) мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекші- Сәрсекеев А.С.

Математикалық диктант- оқушылардың білімін тексеретін әдістердің бір түрі. Оқытушы сұрақтарды немесе тапсырмаларды ауызша айтады; оқушылар сол сұрақтарға номері бойынша жауап береді. Тапсырманы есту арқылы, оқушылар лекцияны, сабақты және жалпы тыңдауды үйренеді. Есте сақтау қабілеттерінің арасында есту көруден кейінгі екінші орында, сондықтан есту қабілетін дамыту оқушылар үшін маңызды.

XX ғасырдың 60-жылдары оқытудың жаңа технологияларының дамуына байланысты оқытушыларды математикалық диктантқа қызықтырды. (Л.С.Выготский, П.Я. Гальперин, А.Дистервинг, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн және т.б.). Математикалық диктантты енгізу туралы ертерек 40-шы, 50-шы жылдары да ұсынылған болатын.

Математикалық диктант әртүрлі себептермен өткізіледі. Ең алдымен оқушылардың білім алу барысында жинаған білім, білік, дағдысын тексеруге көмектеседі. Математикалық диктантты тексеру барысында оқытушы әр оқушының жеке дара білім дәрежесінен, яғни өтілген тақырыптың қаншалықты меңгергендігін анықтайды және жиналған мәліметтер оқу үрдісінің жылдам және сапалы дамуына әкеледі.

Математикалық диктант оқушылардың білімін тексеретін әдіс болып табылады. Методикалық әдебиеттерде «диктантты оқытушы өзі немесе дыбысжазбары арқылы сұрақ қояды, оқушылар сұрақтарға қысқа жауап беруі керек» - деп жазылған. Математикалық диктант жазбаша жұмысқа жатқызылады. Диктант орташа есеппен 7-10 минут болуға тиісті. Оқушылардың ынтасы мен зейінін диктанттан соң қайтадан сабаққа аудару қиынға соғатындықтан, сабақтың басында немесе соңғы бөлімдерінде математикалық диктантты

жазуға ұсынылады. Диктант арқылы үлкен көлемді мәліметтерді мәліметтерді қаншалықты деңгейде оқушының меңгергендігін өте аз уақытта тексере аламыз, оқытудың мақсаты мен міндеттері диктант нәтижесіне байланысты қойылады.

Математикалық диктанттың түрлері және әр түрінің өзіне тән ерекшеліктері, мақсаты және міндеттері болады.

Тексеру диктанттары оқу барысында білім алушының тақырыпты қаншалықты меңгеріп жатқандығын тексеру үшін алады. Бұл диктант түрі реконструктивті тапсырмаларға негізделеді. Берілген тапсырмалар барысында оқушы өтіліп жатқан тақырыптар бойынша жаңа қорытындыларға келіп, өзі үшін қызықты және тың нәтежеге келеді.

Мысалы: Түзулер, сәуле

- 1) **а түзуіне тиісті А нүктесін және тиісті емес В нүктесін салыңдар.**
- 2) **Екі түзу қиылысатындай етіп үш түзу салыңыз.**
- 3) **Ұзындығы 3,4 см болатын кесіндіні салыңыз.**

Белгілі бір математикалық бөлім өтіліп болған соң, яғни тақырып аяғында оқушылар қаншалықты дәрежеде меңгергендігін тексеру барысында **шолу** диктанты жүргізіледі. Оқушыларға өтілген тақырыптар бойынша білімдерін тексеріп, мәліметтерді жүйеге келтіруге көмектеседі, негізінен репродуктивті тапсырмалардан құралады. Шолу диктантының негізгі мақсаты – өтілген тақырыпты қайталау.

Мысалы: Бұрыштар

- 1) **Тік бұрышты салыңыз.**
- 2) **Сыбайлас бұрыш дегеніміз қандай?**

Сөздік диктант сауатты математикалық тілдің қалыптасуына негізделеді, жалпы сандардың дұрыс айтылуы, математикалық белгілердің дұрыс жазылуы және оқылуы секілді мәселелерді қарастырады. Негізінен сөздік диктантты екіге бөліп қарастыруға болады:

1. **Математикалық терминдердің дұрыс жазылуы**
2. **Сан есімдердің дұрыс жазылуы**
3. **Математикалық белгілердің дұрыс жазылуы**

Мысалы: Үшбұрыштар

- 1) **Үшбұрыштың белгісі**
- 2) **Үшбұрыштың тамаша нүктелері**

Қорытынды диктант негізінен өтілген тақырыптың жылдық немесе тоқсандық қорытындысын жасауға алынады. Бұл диктант түрінде реконструктивті де және репродуктивті де тапсырмалар кездеседі. Тапсырмалар оқушылардың білім, білік, дағдысын тексеруге және негізгі теорияны қайталауға есептерге, математикалық ережелерге байланысты болуы керек.

Мысалы: 7 сынып бойынша

- 1) **АВ кесіндісіне тиісті екі нүктені және тиісті емес бір нүктені белгілеңіз.**
- 2) **Шеңбер анықтамасы?**

Графиктік диктанттар көбінесе геометрия сабағында жиі қолданылады. Себебі бұл диктанттың негізгі міндеті оқушыларға геометриялық фигуралардың қалай орналасқаны жайында. Мұғалімнің айтуы бойынша оқушылар тапсырма орындайды. Мысалы: Үшбұрыш тақырыбында оқушыларға үшбұрыштың биссектрисасын, медианасын және биіктігін салу тапсырмасы берілуі мүмкін немесе тікбұрышты үшбұрыш, теңбүйірлі үшбұрыш және қабырғалары белгілі бір үшбұрышты салу секілді диктанттың тапсырмасын орындайды. Графикалық диктанттың негізгі мақсаты – білім алушыларды геометриялық сызбаларды салуға бейімдеу және оқушылардың геометриялық фигураларды елестетуін қабілетін қалыптастыру.

Мысалы: Төртбұрыштар

- 1) **Параллелограммды салыңыз?**
- 2) **Қабырғасы екіге тең квадратты салыңыз?**

Теориялық диктант-тек қана теориялық сұрақтардан құрастырылған диктант, яғни диктантта тапсырмалар мен геометриялық сызбалар кездеспейді. Мұғалімнің қойған

теориялық сұрақтарына оқушы қысқа әлі нұсқа жауап жазады. Теориялық диктанттың мақсаты – тақырыппен байланысты теория қайталап, оқушылардың білімін тексеру. Бұл диктант түрін кез-келген сыныпқа алгебра және геометрия сабақтарында қолдануға болады.

Мысалы: Төртбұрыш

1) **Төртбұрыш дегеніміз...**

2) **Параллелограммның қасиеттері?**

Аралас диктант деп құрамында теориялық және практикалық тапсырмалар кездесетін диктант түрі. Аралас диктанттың негізгі мақсаты өтілген тақырыптардың тексерілуі. Бұл диктант түрін оқудың барлық бөлімдерінде және барлық сыныптарға қолдануға болады.

Мысалы: Үшбұрыштар

1) **Үшбұрышты салыңыздар**

2) **Үшбұрыштың биіктігі дегеніміз не?**

Математикалық диктантқа қойылатын негізгі талаптар:

1. **Диктанттың түрі мен мақсатының сәйкес келуі**

2. **Оқытылып жатқан сабақ мәліметтерімен байланысы**

3. **Нақтылық (тапсырмалар білім алушыға бір тыңдағаннан түсінікті болуы керек)**

4. **Қысқалығы**

5. **Тапсырмалардың жоғары жылдамдықпен орындалуы**

Математикалық диктантты оқушылырдан алмас бұрын оқытушы алдын ала дайындалуы тиіс. Яғни оқушыларға қойылатын сұрақтар мен тапсырмаларды және оқушылар толтыратын жауап бланкасын ыңғайлылық үшін алдын ала дайындауы тиіс.

Математикалық диктант геометрия сабағына қалыптасқан ұғымдарды тексерудің тиімді жолдарының бірі.

Оқушылардың білімін математикалық диктант арқылы тексеру өте тиімді әдістердің бірі. Сабақтың не бәрі 5-6 минутын уақытын алады және әр оқушының жеке білім сапасын тексеруге мүмкіндік береді. Осы мақсатта зерттеу барысында бірқатар математикалық диктанттар құрастырылды. Бұл әдістемеліктер мектеп мұғалімдері үшін практикалық көмегін береді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Малиева О.В. Сборник геометрических заданий и диктантов в рисунках. Методическое пособие.-Астана, 2009.-41б
2. Лоповок Л.М. Математические диктанты для V-VII классов.-М.:Просвещение,1965.-81б.
3. Алпысов А.Қ. Математиканы оқыту әдістемесі.-Павлодар, 2012.-151б